

Науырзым ауданы бойынша шетелдіктер үшін туристік жарна мөлшерлемелерін бекіту туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Науырзым ауданы мәслихатының 2023 жылғы 10 қазандағы № 43 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 31 қазанда № 10072 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Науырзым ауданы мәслихатының 2024 жылғы 20 наурыздағы № 98 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Науырзым ауданы мәслихатының 20.03.2024 № 98 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілсін).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 2-10 тармағына, "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына, "Шетелдіктер үшін туристік жарнаны төлеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2023 жылғы 14 шілдедегі № 181 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33110 болып тіркелген) бұйрығына сәйкес, Науырзым аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Туристерді орналастыру орындарындағы шетелдіктер үшін туристік жарнаның мөлшерлемелері айлық есептік көрсеткіштің 0,2 (нөл бүтін оннан екі) мөлшерінде бекітілсін.

2. Қостанай облысы Науырзым аудандық мәслихатының 2023 жылғы 7 сәуірдегі № 9 "Науырзым ауданы бойынша шетелдіктер үшін 2023 жылға арналған туристік жарна мөлшерлемелерін бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9952 болып тіркелген) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілсін.

Аудандық мәслихаттың төрайымы

Г. Абенова